

ХИМИЯНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ХИМИИ

ӘОЖ 004:372:854

Г.Т.Көкібасова¹, К.С.Жұмағұлова², С.Р.Шибаетова¹, М.С.Жүнісова¹

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Қарағанды облыстық дарынды балаларға арнайы мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты
(E-mail: kokibasova@mail.ru)

Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақтарды ұйымдастыру тиімділігі

Мақалада сабақтың тиімділігіне сәйкес өлшемдерді ескеретін сабақтың құрылымы мен өзіндік сараптау болып табылады. Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақтарға қойылатын талаптар: анықталмаған жағдайды туғызу, таңдау мүмкіндігін беретін оқытудың формасы мен технологиясын өзгерту, оқу материалы проблемалық жағдаймен ерекшеленеді, оқушыға әлеуметтік тәжірибеден алынатын, өмірдегі маңызды жағдай туғызу, жаңа дидактикалық материалдарды қолдану, шындыққа келетіндей стандарттан тыс тапсырмалар мен жағдайлар туғызу, оқу қызметі зерттеушілік және практикалық бағытты сипатта болу, оқушылардың өз бетімен ізденуіне жағдай жасау, оқушы білім алу кезінде белсенді ұйымдастырушы болуы қажет. Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақтарды ұйымдастыруда оқушының өзіндік жұмысы, арнайы проблеманы анықтай отырып, өз бетімен ізденуі және жасаған жұмысына өзіндік бағалауы маңызды. Сондай-ақ алған білімін өмірде қолдана алуына мүмкіндік жасау қажет. Ол үшін мұғалім дұрыс бағыт-бағдар беруі абзал.

Кілт сөздер: химияны оқыту, құзыреттіліктің түрлері, сабақтарды ұйымдастыру.

Қоғамдық жаңғыруға сай өндірістік және әлеуметтік өмірдегі өзгерістер жаңа сапалы мазмұндағы білім беру талаптарын алға тартуда. Бұл ретте адамзат қабілетінің ойлау дағдысына сай индустриялы-зияткерлік қарым-қабілеті жоғары деңгейдегі оқушылар таным-білігін барынша арттыру ерекше маңыз алууда. Сондықтан жаңа технологияны практикаға енгізу мен дамытудың сапалы серпілісі білім беру жүйесіне оң ықпал етері анық.

Дәстүрлі білім беру тәсілі мұғалімнің білім беру үрдісіндегі басымдылығын айқындаумен бірге сабақтың нәтижелілігін ұштап, сабақта қандай әдіс-тәсілдер, әрекеттер қолданудағы шеберлілігіне тікелей қатысты болғаны сөзсіз.

Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақтарды барынша дұрыс ұйымдастыру ықпалының оқу барысындағы нәтижелілігі — құзыреттілікті қалыптастыру мен жеке дамудағы оқушылардың жан-жақты белсенділігімен анықталады. Сондықтан сабақтың мақсаты, құрылымы мен басым бағаттарының өзгеруіне болжам жасаудың маңызын есте ұстаған жөн деп білеміз. Демек, мұғалімнен білім беруші ретіндегі рөлімен қатар, оқушыны өзіндік жан-жақты ізденуге, білімді терең меңгеруге, маңызды ақпаратты белсенді түрде өңдеуге бағыттайтын біліктілікті шеберлікпен ұйымдастыру талап етіледі.

Құзыреттілікке бағытталған оқу үрдісінде сапалы білім берудегі тиімділігі оқушының терең ізденістегі белсенділігімен айқындалады. Мұғалімнің міндеті оқушының белсенді жұмыс жасауына ықпал ету және оқушы жұмысын ұйымдастыру, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету болып табылады. Оқушының өз бетімен жұмыс жасауы, саналы түрде ойлануы мотивациялық қызметінсіз білімді меңгеру мүмкін емес. Сондықтан сабақ бұл әрекеттерсіз тек қана ақпаратты беру үрдісіне айналады. Мұғалім оқушының білім алуында құзыреттілікті қалыптастыруда тақырыптың өзектілігін және маңызын нақты анықтаған жағдайда сабақтың мақсаты мен ұйымдастыруы жүйелі түрде болады.

Мектептегі әр мұғалім құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақты құрылымдап, қойылатын талаптарды ескере отырып, өткізуді жүйелі ұйымдастыра білуі керек. Ол үшін сабақта қолданылатын құзыреттілік түрлерін білу маңызы орын алады. 12 жылдық білім берудің мемлекеттік білім стандартының құрастырушылары [1–3] алынатын және күтілетін нәтижелер негізінде келесі негізгі құзыреттілікті қарастырады:

- құнды-бағытталған құзыреттілік;
- мәдениеттілік құзыреттілік;
- оқу-танымдық құзыреттілік;
- коммуникативтік құзыреттілік;
- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік;
- әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі;
- жеке өзіндік даму құзыреттілігі.

Белгіленген мақсатқа сәйкес күтілетін және алынатын нәтижелер құзыреттіліктерінің түсініктеріне тоқталып өтсек:

1) құнды-бағытталған құзыреттілік — оқушының қоршаған ортаны саналы түрде қабылдауы, өзін қоғамда жоғары этикалық құндылық ретінде орнын таба білуі, азаматтық пен елшілдік сезімнің болуы. Ең бастысы — туған Отаны — Қазақстанға азаматтық борышын өтей алатын, саяси жүйені, болып жатқан әлеуметтік жағдайды түсіне білетін елшіл тұлға болуы шарт;

2) мәдениеттілік құзыреттілік — жалпы мәдениеттілік және ұлттық құндылық негізінде қоғамда этномәдениеттік дәстүрлерді қалыптастыра білетін танымы мен тәжірибесінің болуы, жеке және отбасы құндылықтарының маңызын терең ұғына отырып, әлеуметтік өмірде мәдениеттілік негізін қалыптастыра білуі. Мәдени тұрғыда бос уақытты ұйымдастыра білу қабілеті өзінің халқының мәдениеті мен әлем мәдениетінің көпқырлылығын түсінуге және бағалауға үйретеді, рухани түсіністік пен шыдамдылыққа жол бастайды;

3) оқу-танымдық құзыреттілік — оқушылардың оқу-танымдық және зерттеушілік үрдісін өз бетімен жүргізуге бағытталған кешенді құзыреттілікті қарастырады. Өзінің білімін жинақтау жолындағы қызметін тиімді жоспарлауы, талдауы, рефлексия жасай алуы, функционалдық сауаттылығы әлемнің озық ғылыми табыстарын тануға, ізденушілік-зерттеушілік жақтарын аша білуге үйретеді;

4) коммуникативтік құзыреттілік — әр түрлі әлеуметтік топтардағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін өзінің ана тілі мен өзге тілдерді меңгеруге, өмірлік жағдаяттарды шешу мақсатында әр түрлі коммуникация нышандарын қолдана білуге, мемлекеттік тіл — қазақ тілін, сонымен қатар ұлтаралық тіл, шет ел тілдерін меңгеруге үйретеді;

5) ақпараттық-технологиялық құзыреттілік бағыт-бағдарды дұрыс жасай алуға, өз бетімен ізденіп, керекті мәліметтерді іріктеп, талдау жасауға, интерпретациялауға, ақпараттық технология көмегімен қажетті материалдарды сақтап, оларды жүзеге асыра білуге үйретеді;

6) әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі — қоғамдық, отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси саласында азаматтық-қоғамдық білім мен тәжірибені қамтамасыз етуге көмектеседі. Нақты әлеуметтік-қоғамдық жағдайды талдай алу, өзінің шешімін айтып, әр түрлі өмірлік жағдаятты қоғам құзыретіне қарай шешу білу мен әрекет жасауға үйретеді;

7) жеке өзіндік даму құзыреттілігі — өзінің қызығушылығы, мүмкіндігі мен қабілетіне сәйкес әдістерін меңгере білу, денсаулық сақтау, рухани және зияткерлік тұрғыда өзін шындауға көмектеседі. Ішкі экологиялық мәдениет пен өзінің денсаулығына, өмірлік қауіпсіздігіне сәйкес психологиялық сауаттылықты қалыптастыру, өзінің әр ісіне жауапкершілікпен қарауға әкеледі.

Әр түрлі бағыттағы құзыреттілік түрлерін талдау барысында нақты шешім қабылдауға болады, ол [4]: біріншіден, зерттеушілер білімділік сипаттамалармен салыстырғанда құзыреттіліктің өзекті қырлары «не» сипаттамасын «қалай» деген ұғыммен негіздейді; екіншіден, көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша, құзыреттіліктің мотивациялық сипаттамасын айқындайды; үшіншіден, зерттеушілер оның анықтамасы мен бағалауындағы күрделі сипаттағы құбылысын анықтап көрсетеді.

Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақтарға қойылатын талаптарға тоқталып өтсек, олар төмендегідей:

1. Проблемалық жағдайды туғызу, таңдауға мүмкіндік беретін оқытудың формасы мен технологиясын өзгерту.

2. Оқу материалының проблемалық жағдаймен ерекшеленуі.

3. Оқушыға әлеуметтік тәжірибеден алынатын, өмірдегі маңызды жағдай туғызу.

4. Жаңа дидактикалық материалдарды қолдану, шындыққа келетіндей стандарттан тыс тапсырмалар мен жағдайлар туғызу.

5. Оқу қызметі зерттеушілік және практикалық бағыттағы сипатта болу.

6. Оқушылардың қабілетін ескере отырып, практикум, оқу жобалары мен іс-шаралар ұйымдастыру.

7. Оқушылардың өз бетімен ізденуіне жағдай жасау.

8. Оқушы білім алу кезінде белсенді ұйымдастырушы, қатысушы болуына жол беру.

9. Қоршаған әлеуметтік ортаға байланысты мектептің ашық үлгідегі жүйесін қамту.

10. Оқу қызметінде оқушылар өзіндік бағалауды жүзеге асыру.

Осы талаптарды орындаған жағдайда ғана қазіргі заман талабына сай сабақтардың ұйымдастырылуы жүзеге асады. Жаңа форматтағы сабақтар пікірталас, ролдік ойын, ашық сұрақтар, миға шабуыл ретінде ұйымдастырылған әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді [5].

Ең тиімді құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жағдаяттық тапсырмалар негізінде құрылады. Ол тапсырмалар арқылы алған білімдерін практикада қолдануға немесе өмірде не үшін қажет екенін түсінуге болады.

Сабақта оқушының құзыреттілігін дамыту қазіргі заман талабына сай жаңа педагогикалық технологияның қолданылуына әкеледі. Қазіргі кезде құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған технологиялар өте көп [6–8], олар: сын тұрғысынан ойлау, жобалау, зерттеушілік жұмыс, пікірталас жүргізу, ұжымдық және жеке ойлау, АКТ технологиясы т.б. Мұғалім бұл технологиялардан кейбір мысалдарын сабақта қолданғаннан гөрі, технологияны толығымен меңгеріп, содан кейін ғана жүйелі пайдаланғаны жөн.

Сабақта оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдістеріне кеңінен тоқталып өтуге болады.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру әдістері. Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру әдісі тақырып бойынша ақпаратты жинақтап, оны сабаққа қолдануы болып табылады.

Ақпаратты іздестіру және оны жинақтау:

- ақпаратты қосымша әдебиеттерден, Интернет көзінен, сұрақтар арқылы, сұхбат арқылы, мұражай, кітапханалардан т.б. алынуы;
- көп ақпарат ішінен тапсырмаларды алу;
- ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда қажетті мәлімет алу.

Ақпаратты өңдеу:

- берілген ақпарат ішінен қажетті тапсырмалардың реттілігін алу (логикалық, хронологиялық);
- мәтін бойынша жоспар құру;
- мәтінге байланысты сұрақтар дайындау;
- мәтін бойынша диаграмма, схема, кесте, график және басқа да көрнекіліктер құру;
- оқу материалы немесе басқа мәліметтер ішінен интерпретация, талдау және ақпаратты қорытындылауға бағытталған тапсырмалар;
- материалды қорытындылау мақсатында жүргізілетін пікірталас, талқылау тапсырмалары.

Ақпаратты беру:

- баяндама, тақырып бойынша хабарлама дайындау;
- оқу материалы бойынша плакат, MS PowerPoint таныстырылым дайындау;
- тақырып бойынша оқу құралын дайындау;
- қабырға газеті, стенд хабарландыру, шақыру билеттерін, басқа да іс-шаралар дайындау.

Кешенді әдістер:

- рефератқа қажетті мәлімет дайындау және оны қорғау, жоспар құру, қорытындысын жасау, библиографиясын безендіру;
- ақпараттық оқу жобалары (жеке және топтық);
- Интернет-форум, электронды поштадан алынған ақпараттың телекоммуникациялық жобалары;
- әр түрлі зерттеу жұмыстары ұсынылатын оқу-зерттеушілік жұмыстар, оның ішінде алынған мәліметтерді өңдеу үшін зертханалық бақылау, эксперименттер. Сондай-ақ алынған мәліметтерді жүйелі түрде ғылыми тұрғыда ұсыну;
- оқудың хабарламаларын БАҚ-да электронды, терілген нұсқасын ұсыну.

Коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру әдістері. Коммуникативтік құзыреттілік — коммуникациялығымен анықталатын білімнің күрделі құрылымы. Ол төмендегі бірнеше кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең — коммуникацияға қатысуға қажеттілік және мақсаты жүйелі түрде айқындалатын өзіндік қарым-қабілетінің анықталуы болып табылады.

Екінші кезең — өзінің мақсат пен мүмкіндіктерін ескеретін әдістерінің коммуникациясы.

Үшінші кезең — сөйлеу жанры, мінез-құлқы және коммуникациялық техника жағдайына сәйкес таңдауы.

Төртінші кезең — өзіндік коммуникация.

Бесінші коммуникация — өзіндік бағалау, оның дәрежесі, өткен коммуникация барысының нәтижелілігі. Бірақ бұл коммуникацияны бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды, барлығын бір мезгілде қарастыру керек. Кейін аталған коммуникация кезеңдерін біріктіріп, толық құзыреттілік коммуникациясын алуға болады. Сондықтан барлық әдіс-тәсілдер кешенді сипатта болып табылады.

Әлеуметтік-еңбек коммуникация әдістері. Бұл әдісте топтық формадағы жұмысты орындау тиімді. Бірақ бұл мақсатқа ұжымдық және жеке форма жұмыстары сәйкес келмейді деген сөз емес. Бұл жағдайда ең маңыздысы — педагогтың көздеген мақсаты оқушылардың орындалған тапсырмалары мен өзіндік жұмыс орындаумен қатар, әріптестерімен ынтымақтастықта жұмыс жасай білуі болып табылады.

Ұжымдық-жеке жұмыс көлеміндегі әдістер [9]:

- алдын ала талқыланатын жауаптарға ұжымдық сұрақтар қойылуы (жүйелі қолдану жағдайында). Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталмаған сабақ жағдайында 3–5 мин әдетте 5–10 сұраққа жауап ала алатын репродуктивті сипаттағы жауап алу («пинг-понг») түріндегі ұжымдық-жеке формада сұрақ қоюмен басталады. Оның орнына осы уақыт аралығында сұрақты 2–4-ке дейін қысқартып, проблемалық жағдаят тудыратын сұрақ беру дұрыс болады. Сұрақ қою арқылы 1–2 мин сұрақты жұпта (немесе топта) талқылауға береді. Осы уақытта жұп немесе топ өздерінің шешімін береді;

- оқушыларға проблемалық жағдай тудыратын тапсырмаларды орындатуға бағыттау. Мысалы, «Басқатырғыш». Көп ақпаратты қажет ететін бұл кешенді тапсырмалар бірнеше жұмыс топтарға бөлінеді. Тапсырмаларды толық орындау үшін топтағы оқушылар бар күштерін салып, бар ақпаратты фрагменттерді бір пазлға жинақтау керек («басқатырғышқа»). Осы жағдайда ғана берілген тапсырма орындалады. Пазлдың тағы бір нұсқасы — әр топ өздерінің тыңдалым фрагменттерін дайындайды, сөйтіп, барлық тыңдалымдағы фрагменттер қосылып, біріктіріліп, тұтас түсінік берілуі керек.

Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақтар міндетті түрде оқушылардың топтық, жұптық және жеке жұмыстарымен нәтижелі болады. Топтық, жұптық және жеке жұмыс барысындағы әдіс-тәсілдердің бірнеше түрлеріне тоқталып өткен жөн. Олар:

- жаңа материалды бекіту үшін топтық немесе жұптық, өзіндік жұмыстар орындалу керек (тапсырмалар оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс жасауға бағытталған түрде құрылуы керек, мысалы, «басқатырғыш» түрінде);

- топ немесе жұптық орындалатын зертханалық, сарамандық жұмыстар (оларды сабақ басында — топтық жұмыс орындалуымен, сабақ соңында өзіндік бағалау сәттерімен толықтыру керек);

- топтық мини-жобалар (сабақта тыңдалым қорғалады);

- кез келген типті зерттеу немесе жобалаудың топтық жұмыстары (сабақтан тыс уақытта орындалады);

- әлеуметтік-психологиялық жаттығулар тренингі;

- рөлдік және кәсіптік ойындар;

- «топта ынтымақтастықта жұмыс жасау технологиясының» кез келген нұсқасы.

Жеке орындалатын төмендегі жұмыстардың әдіс-тәсілдеріне тоқталып өтсек:

- көмекшілер мен орындаушыларды қажет ететін жеке орындалатын жобаның кез келген типі;

- әлеуметтік проблеманы шешудің жеке практикаға бағытталған жобасы.

Оқу-танымдық және құнды-мағыналық қалыптастыруға бағытталған әдістер. Оқушыларды проблеманы тек оқу процесі кезінде ғана емес, кең көлемдегі әлеуметтік қызметте шеше алуға үйрету. Мұнда әр түрлі бағыттағы жобалар маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда:

- сабақ басында немесе оқу міндеттерін шешу алдында ұжым арқылы мақсатты тұжырымдау;

- ұжым болып сабақты қорытындылау және бағалау (сабақ аяқталған соң, оқу міндеттерін шешкеннен кейін).

Оқушылардың проблемалық-бағытталған пікірталас тудыру әдістері:

- проблемалық оқытудың барлық әдіс-тәсілдері: проблемалық сұрақ, проблемалық міндет, проблемалық жағдай, проблемалық дәріс, проблемалық эксперимент;
- проблемалық-модульдік оқыту — сол кездегі болған жағдайдағы әрекетті модельдеу, оның ішінде кәсіптік ойын арқылы;
- оқушылардың шешіміне күмән келтіру, бастапқы жағдайға қайта оралу, өзінің қателерін түзетуге мүмкіндік алу әдістері мен тәсілдері;
- бір немесе бірнеше міндеттерді әр түрлі баламалы әдістермен шешу: талқылаудың тиімді жағын қарастырып, аргумент арқылы талқылау;
- артық мәлімет берілген оқу міндеттері;
- жеткіліксіз оқу міндеті берілген болған жағдайда қосымша ақпаратты іздестіру арқылы толықтыру;
- кейс әдістері (жағдаяттық семинар, жағдаяттық міндеттерді шешу). Бұл әдіс практикалық шешімді талап ететін нақты жағдаятты түсіндіреді. Топқа немесе жеке оқушыға кейс беріледі — ол проблемалық тапсырмаға сәйкес әр түрлі ақпараттардан тұратын материалдар пакетінен тұрады;
- зерттеушілік және практикалық-бағытталған жобалардан тұратын кез келген жоба қызметі;
- өмірмен байланысты ізденуді және зерттеуді талап ететін практикалық жұмыстар (тұрмыстағы, кәсіптік, әлеуметтік);
- сабақ барысында ғана жүргізілетін мини-жоба, яғни тапсырмалар уақыты шектеулі болатын жобалар.

Сабақ соңында рефлексия жасай отырып, мұғалім сабақ барысында оқушының оқу материалын қалай меңгергені және олардың психологиялық жағдайы жөнінде саралауға мүмкіндік алады (шаршау, қызығушылық дәрежесі) және кері байланыс жасата отырып, білімдерін бақылай алады.

Рефлексия оқушылардың пікірлерін тыңдауға және әр түрлі әрекеттерін айтуға талпынуға мүмкіндік береді. Рефлексиялық қабілетті қалай дамытуға болады? Оқушылардан дәстүрлі сабақта не үйрендіңдер, не білдіңдер деген сұрақтар қоюға болады. Бұл мұғалімді де, оқушыны да қанағаттандырмайды.

Форма бойынша рефлексия вербальді (ауызша және жазбаша), образды (түс, сурет, символ) түрде болды.

1. Рефлексивті тест:

- Мен қажетті көп әрі жаңа мәліметтерді білдім.
- Бұл маған өмірде керек болады.
- Сабақта мені ойландыратын жағдай туындады.
- Сабақта туындаған сұрақтардың барлығына жауап ала алдым.
- Мен сабақта жақсы жұмыс жасадым және мақсатқа жеттім.

Соңында кім бес плюс қойғандар қол көтерсін, кейін төрт плюс қойғандар және үш плюс қойғандар көтерсін деген сұрақ қойылады. Бұл бағалар мұғалімнің өткізген сабағына қойған бағасы болып шығады (оқушылардың өздерінің білімі бұл сабақта бағаланбайды).

2. Түс ретінде көрсетілген рефлексия:

а) оқушы өзінің сабақтағы жағдайына байланысты түсті көрсетеді;

ә) топтарға түрлі-түсті жапырақшалар салынған конверт таратылады. Оқушылар бұл жапырақшаларды ақ паракқа жапсырады.

3. Қандай деңгейде тұрғанымызды анықтау:

- Білемін және басқаға түсіндіремін.
- Білемін.
- Білетініме сенімсізбін.
- Білмеймін.

4. Вербальді форма — аяқталмаған сөйлем әдістемесі (ауызша және жазбаша):

- Бүгін мен сабақта...
- Мен үшін қажетті және қызықты болғаны...
- Мен мына жағдайда қиындықтарға тап болдым...
- Маған маңыздысы...
- Менде өте жақсы шықты...

- Өз-өзіме жолдар...
- Жаңа сабаққа комплимент айт...
- 5. Кодталған диктант:
 - «Иә» сөзі орнына 1 қоямыз.
 - «Жоқ» сөзі орнына 0 қоямыз.
- 6. Оқушылар, сабақ соңында өз жағдайларыңды бағаландар:
 - «Әр жұптан өзіңнің жағдайыңа сәйкес сөзді таңдап, астын сызыңдар:
 - қызықты — көңілсіз (шабытты сеземін — шаршағандықты сеземін);
 - қызықты — қызықсыз;
 - қобалжимын — қобалжымаймын (өзіме сенімдімін — сенімсізбін);
 - шаршаған жоқпын — жұмыс жасауға тырыстым — тырысқан жоқпын;
 - өзіме ризамын — өзіме риза емеспін (нәтижелі болды — нәтижесіз болды);
 - ашуланған жоқпын — ашуландым (шыдадым — шыдамым таусылды).
- 7. Рефлексияның «Классикалық» түрі:
 - Сіздің сабақ алдында қандай мақсатыңыз болды және ол қаншалықты дамытылды?
 - Қиындықтарды атап өтіңіз: а) тақырыпты оқуды (тарауды); ә) ашық сұрақтарға жауап кезінде.
 - Қиындықтарды қандай түрде жеңе білдіңіз? Не арқылы?
 - Тақырыпты оқу кезінде Сіз үшін басты нәтиже не?
 - Сіз не нәрсеге үйрендіңіз?
 - Тақырыпты оқуда не сәтті болды және неге?
 - Не орындалды және неге?
 - Өтілген тақырып бойынша сезім мен көңіл-күй динамикасын сипаттаңыз.
- 8. «Жаңалық ашу күнделігі».

Сіздің бүгіннен бастап жүйелі түрде жүргізіп отыратын жаңалық ашу күнделігінің бетін ыждағаттылықпен толтырыңыз. Тақырыпты өткен және тапсырма орындаған кезде өзіңіз үшін ашқан жаңалықты белгілеп отырыңыз. Жоспарланған әрекетке ашқан жаңалыққа сәйкес талдау жасаңыз. Бұл жетістікке қалай жеттіңіз? Ашқан жаңалықтарға өзіңізге баға қойыңыз: а) Сіз үшін; ә) Ғылым үшін; б) Басқалар үшін (сыныптастар, мұғалімдер т.б.).

9. Рефлексия «Трактат»:

Болашақ оқушыларға трактат жазуда елестетіңіз. Трактатта Сіздің негізгі нәтижелеріңіз бен жетістігіңізді сипаттаңыз, «тәлім алушы» ретінде ақыл беріңіз, нәтиже мен жетістікке жету жолындағы әдіс пен тәсілдерді анықтауға тырысыңыз. Қандай тапсырма Сізді қиын жағдайға душар етті? Неге? Мен не түсіндім, нені үйрендім? Қателіктерді болдырмау үшін не істеуге болады? Оқу кезінде қандай білім алдым? Болашақ оқушыларға қандай ой-пікірлер бересіз?

Оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған сабақтарды сапалы түрде ұйымдастыруда мұғалімнен көп еңбек, терең білімділік, күш-жігер, жан-жақтылық, ізденімпаздық, жаңа ақпарат көздерін мейлінше тиімді қолдана алатын қажыр-қайрат талап етіледі [10, 11]. Осы аталған маңызды сипаттар мұғалім тұлғасында және де оқу үрдісінде ұтымды қолданылған жағдайда құзыреттілік қалыптастырудың сапалы да өрелі мақсатына жетуге болады. Сонда ғана өскелең ұрпаққа сапалы білім алуына дұрыс бағыт-бағдар беріліп, оқушылардың өмірде таңдайтын кәсіби бағытына жетуде адастырмайтын жол ашылады деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан от 2004 г. // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібi: <http://www.edu.gov.kz>.
2. Государственный образовательный стандарт 12-летней школы в Республике Казахстан от 2006 г. // 12-летнее образование. — 2006. — № 3. — 73 с.
3. Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан от 2007 г.: Справочник руководителя образовательного учреждения. — 2007. — № 2. — С. 5–13.
4. Компетентностный подход как способ достижения нового качества образования. — М., 2002.
5. Морозова Ж.В. Диагностика сформированности качеств личности обучающихся на основе квалиметрического подхода. — Ижевск: Изд-во ИПК и ПРО УР, 2005.
6. Бабушкина Н.В. Проектирование технологии профессионального обучения учащихся: Науч.-метод. пособие. — Ижевск: Изд-во ИПК и ПРО УР, 2004.

- 7 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://biologiyavo.narod.ru/p3aa1.html>
- 8 Ефимова С.А. Проектирование образовательных программ профессионального образования на основе модульно-компетентного подхода: Дис. ... канд. пед. наук. — М., 2006.
- 9 Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері. — Түркістан, 2008.
- 10 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005–2010 годы. — Астана, 2004.
- 11 Концепция интеллектуальных школ Первого Президента Республики Казахстан. — Астана, 2008.

Г.Т.Көкібасова, К.С.Жұмағұлова, С.Р.Шибаяева, М.С.Жунусова

Эффективность разработки уроков для формирования компетентности

В статье отмечено, что один из путей повышения эффективности обучения химии — целенаправленное формирование у учащихся ключевой компетентности. Обучение становится по-настоящему значимым и формирует мотивацию, если предлагаемые учащимися задачи содержат познавательную информацию. Именно такие умения, как способность применять полученные знания на практике, проявлять самостоятельность в постановке задач и их решении, брать на себя ответственность при решении возникающих проблем составляют основу понятия «компетентность». Несмотря на то, что на сегодняшний день уже сложилась некоторая классификация компетентностей, круг компетентностей, который необходимо формировать у сегодняшних школьников, не определен окончательно.

G.T.Kokibasova, K.S.Zhumagulova, S.R.Shibayeva, M.S.Zhunisova

Efficiency of development of lessons for forming of competence of students

It is marked in the article, that one of ways of increase of efficiency of educating chemistry- purposefulness forming at students key to the competence. Educating becomes truly meaningful and forms motivation, if the tasks offered by students contain cognitive information. Just the same abilities, as ability to apply gain knowledge in practice, to show independence in raising of tasks and their decision, to undertake responsibility at the decision of nascent problems — make basis of concept «competence». In spite of the fact that to date already there was some classification of competence, circle of competence, that must be formed for today's schoolchildren, not certain finally.

References

- 1 *Conception of 12-years-old secondary general education in Republic of Kazakhstan from 2004*, <http://www.edu.gov.kz>
- 2 *12-years-old education*, 2006, 3, 73 p.
- 3 *Reference Book of leader of educational establishment*, 2007, 2, p. 5–13.
- 4 *Competence approach as method of achievement of new quality of education*, Moscow, 2002.
- 5 Morozova Zh.V. *Diagnostics of formed of qualities of personality student on the basis of qualimetric approach*, Izhevsk: Publ. IPK and PRO UR, 2005.
- 6 Babushkina N.V. *Planning of technology of the vocational training of students*, Izhevsk: Publ. IPK and PRO UR, 2004.
- 7 <http://biologiyavo.narod.ru/p3aa1.html>
- 8 Efimova S.A. *Planning of the educational programs of trade education on the basis of module approach*, Diss., Moscow, 2006.
- 9 Omarova R.S. *State of paradigm only what educations of students of basis of didactics of forming of interest of work*, Turkestan, 2008.
- 10 *Government program of development of education in Republic of Kazakhstan on 2005–2010*, Astana, 2004.
- 11 *Conception of intellectual schools of the first president of Republic of Kazakhstan*, Astana, 2008.